ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

БАЯНАУЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

АКИМАТ БАЯНАУЛЬСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

2020 жылғы 29 желтоқсан

Баянауыл ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 443/12

село Баянаул

**Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурс, аукцион) өткізу тәртібін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 14-1, 17,48-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына, және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 290 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес, Баянауыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аукционға шығарылатын сауда-саттық объектілері тізімі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының қосымшасындағы шығарылатын сауда-саттық объектілері ағылшындық әдіспен өткізу белгіленсін.

3. Аукционға шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы және ең төменгі бағасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. «Баянауыл ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне осы қаулы бойынша туындайтын іс-шараларды атқару жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Р. Мукашевқа жүктелсін.

**Аудан әкімі** **К. Каримов**

000252

Аудан әкімдігінің 2021 жылғы
«29» желтоқсандағы № 443/12
қаулысына қосымша

**Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (конкурс, аукцион) ұсынылған жер телімдерінің тізбесі**

| № р/с | Жер телімінің орналасқан жері | Нысаналы мақсаты | Көлемі, га | Бір жылдық жалдау құны, тенге | Пайдалану құқық түрі, жыл | Жер телімінің құны, тенге | Бастапқы құны, тенге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Жанажол ауылы | Жүн өндеу цехы құрылысын жүргізу және қызмет көрсету үшін | 0,5 | 2 880 | 3 | 747 500 | 16 763 |
| 2 | Сәтбаев ауылы, Мұса Шорман ауылы | Жол бойындағы сервистің құрылысы және қызмет көрсету үшін | 0,10 | 5 76 | 3 | 72 000 | 4 320 |
| 3 | Майқайың кенті | Асхана, жанармай құю бекеті, қонақ үй, дөнгелек жөндеу шеберханасын, көлік жуу құрылысын үшін | 1,5 | 17 208 | 3 | 7 560 000 | 453 600 |
| 4 | Баянауыл ауылы, Шонай ауылы | Дүкен құрылысы мен қызмет көрсеті үшін | 0,04 | 230 | 3 | 223 200 | 13 392 |
| 5 | Бірлік ауылы, Бөгенбай Батыр көшесі | Монша құрылысын жүргізу және қызмет көрсету үшін | 0,08 | 461 | 3 | 144 000 | 8 640 |
| 6 | Торайғыр ауылы | Этно ауыл, қонақ үй мен балалар алаңының құрылысы үшін | 0,10 | 576 | 3 | 130 000 | 13 260 |
| 7 | Баянауыл ауылы | Шатырлы лагерь мен демалыс орталығын орналастыру мен қызмет көрсету үшін | 1,2 | 6 912 | 3 | 5 580 000 | 334 800 |
| 8 | Бірлік ауылы | Дүкен құрылысы мен қызмет көрсету үшін | 0,10 | 576 | 3 | 180 000 | 10 800 |
| 9 | Торайғыр ауылы | Саумал және иппотерапиямен емдейтін санаторий құрылысын жүргізу мен қызмет көрсету үшін | 2,4015 | 13 833 | 3 | 3 121 950 | 187 317 |
| 10 | Торайғыр ауылы | Саумал және иппотерапиямен емдейтін санаторий құрылысын жүргізу мен қызмет көрсету үшін | 1,5985 | 9 207 | 3 | 3 532 685 | 211 961 |